



Проект «Реализация прав граждан и общественное участие в принятии решений по экологическим вопросам – практическая реализация Орхусской конвенции в Мангистауской области». Реализуется при поддержке Европейского Союза.

## Құрғақ климатта суды минималды тұтыну жағдайында ағаш өсіру туралы

Сарапшы Юлия Калмыкова,

"Қарағанды облыстық "ЭкоМұражай" ҚБ, кеңес береді

## ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР!

Сіздермен жас ағаштарды суару кезінде су тұтынуды азайтып, еңбегіңізді оңтайландыру бойынша тәжірибемізбен бөліскіміз келеді.

Біздер шөлейтті және шөлді аймақта тұрамыз, алайда ағаш көлеңкесінде демалғымыз келеді. Біздің климаттық аймағымызда ағаш өсіру - ауыр еңбек. Әр жаңадан отырызылған ағашқа жаз бойы күніне 1 шелектен кем емес су керек, әйтпесе ол құрап қалады. Яғни, біздің еңбегіміз еш болып, көшеттерді сатып алуға шығарған ақшамыз далаға кетеді.

**А**ғаштарды суаратын кездегі еңбек шығынын азайтатын бірнеше маңызды сыр бар.

**1.** Ағаш отырғызуға арналған шұңқырды тыңайтып қою керек. Ол үшін кез келген тыңайтқышты немесе шіріген көңді пайдалануға болады. Әр шұңқырға 2 шелектен аз емес тыңайтқыш немесе шіріген көң қажет. Егер көң немесе тыңайтқыш толық шірімеген болса,

үстінен қалыңдығы 10 см кем емес топырақ төгу керек.

**2.** Енді біздің "сиқырлы" бөтелкемізді дайындаймыз. Ішінде бұрын газды су болған 2 литрлі пластик бөтелкесінің бір жағын бірнеше жерден бізбен тесу керек. Тесер алдында бөтелкенің ауызын қақпағымен жабу керек, сонан соң бізді немесе шегені отқа қыздырып, диаметрі 1-2 мм екі-үш тесік тесіледі. Ағаш отырғыз-мастан бұрын

шұңқырға бөтелкені салып, ауызы қақпағымен жер бетінен 2-3 см шығып тұруын және бөтелкедегі тесіктер тамырларға бағытталуын қамтамасыз етеміз.

**3.** Бөтелкені көмбестен бұрын оған су толтырамыз, әйтпесе жер оны мыжып, пайдалы көлемін азайтып жібереді.

**4.** Егер ағаш тамырында топырақ жентегі болса, оны шұңқырға бөтелкемен бірге орналас-тырып, көмеміз. Егер ағаш тамыры ашық болса, шұңқыр ішінен топырақтан биі-





Проект «Реализация прав граждан и общественное участие в принятии решений по экологическим вопросам – практическая реализация Орхусской конвенции в Мангистауской области». Реализуется при поддержке Европейского Союза.



ктігі 20 см томпешік жасап, үстінен ағашты отырғызып, тамырларын төм-пешік үстінен жаямыз. Екі шелек су құямыз.


5. Ағаш пен бөтелкені көмген соң диаметрі 30 см суару шұңқыршығын жасаймыз. Шұңқыршықты шабылған шөппен, сарғайып түскен жапырақпен немесе ағаш үгінділерімен жабу (мульчирлеу) керек. Мульчирлеу ағаштарға оттегін беріп, шұңқыршық бетінен судың булануын азайтады.

6. Келесі күні сіздерге әр ағашқа бір шелек

су апарып құю қажеттілігі болмайды, қақпақты ашып, көміліп жатқан бөтелкеге 2 литр су құйып, қақпақты жабу жеткілікті болады. Осылайша, ағаштарды тамыр бойына тамшылата суару қамтамасыз етіледі. Ол біздің гумусымыздан нәрлі заттардың едәуір бөлігін шайдыратын кәдімгі суарудан әлдеқайда артығырақ.

Сонымен бірге, 1 шелек су 4-5 ағаш суаруға жетеді! Әдемі бақша егуіңізге тілектеспіз.

**Көлеңкеде демалып, жапырақ сыбдырынан рахатқа бөленіңіз!!!**



проект осуществляется на средства Европейского Союза

**Кез келген қосымша мәлімет үшін Консультациялық орталықтарға жүгінсеңіз болады:**

**"ЭкоМаңғыстау" ҮЕМ: Ақтау қ., Маңғыстау облысы, 4 ш/а, 57 үй, 15 кеңсе.**  
Тел./факс 8- (7292) 50-38-80. E-mail: info@ecomangystau.kz

**"Қарағанды облыстық "ЭкоМұражай" ҚБ: Қарағанды қ., Бұхар жырау, 47 үй.**  
Тел./Факс: 8-(7212) 41-33-44. E-mail: infoecomuzeum@gmail.com